

Құрман орта мектебінің 2023-2024 оқу жылындағы 3 сыныптың тәрбие жұмысының жылдық талдауы

2023-2024 оқу жылында 3 сыныпта 21 оқушы .Оның қызы-9,ұлы-12.

Оқу жылының 1-тоқсанында тәрбие саласы бойынша тәрбие ісінің орынбасарының жылдық жоспарын негізге ала отырып, сыныппен жүргізілетін жұмыстарға жылдық жоспар құрылды.

Бекітілген жоспар бойынша 01.09.2023 жылы 1 қыркүйек - білім күні«Мектеп – мейірім мекені»тақырыбында алғашқы сабақ өткізілді.Мақсаты: оқушыларға балалардың «мейірімділік», «қайырымдылық» құндылықтар туралы түсініктерін кеңейту; оқушылардың психологиялық ой-өрісін, ойлау қабілеттерін дамыту, өз ойларын еркін жеткізе білуге үйрету; оқушыларды мейірімділікке,қайырымдылыққа, кішіпейілдікке тәрбиелеу.04.09 күні«Еңбегі адал жас өрен»жобасы негізінде «Адалдық-адамдықтың белгісі» атты сынып сағаты өткізілді. 11.09”Отбасы күніне орай «Отбасы-аялы алақан мекені»тақырыбында ашық сынып сағаты өткізілді.Мақсаты: «Отбасы» құндылығы туралы түсініктерді,ұғымдарды кеңейту.Отбасы мүшелерін сүйе білуге,баланың ата-анаға деген махаббатын ояту.Оның игілігі үшін күресе білуге үйрету. Әр отбасының бала тәрбиесіне белсене қатысуының маңызын арттыру. Баланың мейірімді сыпайы әдеттерді бойына сіңіріп өсу жолдарын ата-аналармен бірлесе қарастыру.18.09. «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы негізінде «Қауіпсіз мектеп» тақырыбында сынып сағаты өтті.

«25 қыркүйек- Еңбек күні»байланысты «Еңбек бәрін жеңбек» сынып сағаттары өткізілді.02.10.Қарттар күніне орай «Ата-әже ісі бізге өнеге»атты сынып сағатында оқушыларымызды үлкенді сыйлау,аталы сөзден ғибрат алуға баулу. 04.10.5 қазан – Мұғалімдер күні«Мұғалім-мектептің жүрегі»тақырыбында құттықтау өткізілді.

«11 қазан – Халықаралық қыздар күні» «Ананың ісін қыз басар» тақырыбында сыныптан тыс жұмыстар,тәрбие сабақтары өткізіліп,қыздарға жеке бас тазалығы,қызбала әдебі туралы айтылды..

09.10.Ата-анаммен өткізген әр күнім!бейнеролик байқауы өткізілді.

«Жеткіншектің Жеті Жарғысы»жобасы негізінде Абайдың «Толық адам» ілімі «Артық салмақтың адам ағзасына тигізетін әсері» сынып сағатында мектеп медбикесінен дұрыс тамақтану туралы кеңес алынды.

23.10. 25 қазан – Республика күні орай «Менің елім,менің жерім-Қазақстан!» тақырыбында сынып сағаты өткізіліп, «Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы негізінде өткізілген 1-11 сыныптар арасында жанды дауыста «Әнұран орындау» шарасына сынып ауызбіршілікпен қатынасты.



07.09.1) Жаңа оқу жылы мәселелері 2.)Ата - аналар комитетінің жаңа құрамын сайлау. «Отбасы-аялы алақан мекені» тақырыбында ата- аналар жиналысы алғашқы ата-аналар жиналысы өткізілді.Жиналыс барысында шағын баяндама оқылып,жаңа оқу жылына ата-аналардың жаңа құрамы сайланды.Ағымдағы мәселелер (оқулықтың берілуі,мектеп формасының сақталуы,оқу құралдарының жеткіліктілігі) таныстырылды. 11.11. «Ата-ана мен мұғалім арасында ортақ мәселе –бала тәрбиесі»тақырыбында тоқсандық қорытынды және каникул кезіндегі қауіпсіздік шаралары туралы айтылды.

Оқу жылының 2-тоқсанында тәрбие саласы бойынша бекітілген жоспар және келген катынас қағаздар бойынша іс-шаралар,сынып сағаттары,ертеңгіліктер өткізілді.

Тоқсанның алғашқы сабағы 06.11«Алтын күз» мерекесіне байланысты сынып сағаты өткізілді.13.11 күні 15 қараша - Ұлттық валюта күні.«Төл теңге- Тәуелсіздік символы»тақырыбында тәрбие сағаты өткізіліп,төл теңгеміз туралы айтылды.

20.11 күні Халықаралық балаларды қорғау күні«Мен зорлық-зомбылыққа қарсымын!»апталығына байланысты тәрбие сағаты өтіп,қылмыстың ауыр екенін,оның жазасыз қалмайтыны туралы түсінік берілді.

«Тоғыз айға тоғыз шара» жобасы бойынша 1-7 кластар арасында өткізілген «Асық ату» және «Бес тас» челленджіне класс оқушылары белсене қатысып, сыныбымыздың оқушысы Ғарифолла Бақдәулет жүлделі 1-орынға ие болды.

21.11 күні ата-аналарды педогогикалық қолдау мақсатында«Білімдіге дүние жарық»тақырыбында ата-аналарымызбен бірлескен сынып сағаты өткізіліп, «Сапалы білім саналы тәртіпке бастайды» тақырыбында оқушылар арасында білім байқауы өткізілді.



Желтоқсан айында да жоспар бойынша барлық сынып сағаттары өткізілді. 04.12.«ЖИТС-тің алдын алу және оған қарсы күрес» күніне байланысты«Зиянды әдеттер және олардың денсаулыққа зияны» тақырыбында сынып сағаты өткізілді.

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы» негізінде «Көк тудың желбірегені» тақырыбында 1-7 сыныптар арасында өткізілген іс шараға сынып оқушылары белсенді түрде қатынасты.

11.12 . 16 желтоқсан Тәуелсіздік күніне орай «Тәуелсіздік-қазақтың басты құндылығы» тақырыбында сынып сағаты өткізіліп, желтоқсан оқиғасына қатынасқан қахарман аға-әпкелер туралы айтылды. 18.12 «Оқуға құштар мектеп» жобасы негізінде «Кітап- саркылмас бұлақ»тақырыбында сынып сағатында мектеп кітапханасына саяхат жасалынды.



25.12 . сынып сағаты өткізіліп, «Озық ойлы оқушы» сайысы өткізіліп,білімдерін көрсете білген оқушылар марапатталды.

27.12 Жаңа жылдық мерекеге ұласты.

Негізгі бағдарламалар жоспарын (өрт,жол,өмір қауіпсіздіктері) басшылыққа ала отырып,тақырыптармен байланыстырыла сабақтар өткізілді. Жолда жүру қауіпсіздігіне байланысты : «Жол ережесін кім білгіш?»тақырыбында сабақ өткізілді. Мақсаты:Оқушыларды жолда жүру ережесін есте сақтауға үйрету,жол қауіпсіздігін,өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу.

Каникул кезіндегі қауіпсіздік шаралары негізінде өрт қауіпсіздігі(пиротехникалық заттар,жанғыш заттар),қысқы ауа-райынан сақтану,өмір қауіпсіздігі туралы оқушыларға айтылып,ата-аналарда хабардар болды және каникул кезіндегі оқушының қауіпсіздігін өз жауапкершіліктеріне алатындықтары туралы хабарлама берді. Тоқсандық қорытынды және оқушыларымыздың каникул кезіндегі қауіпсіздігі туралы «Бала көңілдің гүлі,көздің нұры»тақырыбында ата-аналармен жиналыс өткізілді.Жиналысқа ата-аналарымыз бірауыздан қатысып,пікірлерін білдірді.

3-тоқсанында тәрбие саласы бойынша бекітілген жоспар және келген қатынас қағаздар

бойынша іс-шаралар, сынып сағаттары, ертеңгіліктер өткізілді.

Зтоксанның алғашқы сабағы 08.01 «Қауіпсіз деп ойлама, ғаламтормен ойнама!» «Ғаламтор қауіпсіздігі» жобасы тақырыбында өткізіліп, оқушыларға ғаламтордың пайдасы мен зияны туралы мағлұмат берілді.



15.01 «Тәртіпке бағынған құл болмас.» байланысты сынып сағаты өтіп, тәртіпке бағынбағанның ауыр екенін, оның жазасыз қалмайтыны туралы түсінік берілді. 22.01 «Қалдықтарды табысқа айналдырайық» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша қалдық заттарды қалай пайдаға асыруға болады? сұрағына шешім табуға әретілді.



29.01 «Мектептегі мінез-құлық ережелері» «Тәртіп- тәрбие бастауы, тәртіпсіздік- өміріңнің қас жауы» «Жеткіншектің жеті жарғысы» бойынша айтылды.

Ақпан айында 05.02 «Мақал – сөздің азығы, жұмбақ – ойдың қазығы» мақал-мәтелдер сайысы өткізіліп, жеңімпаз топтар марапатталды. 12.02. «Өзінді мамандықтар әлемінен тап» «Еңбегі адал жас өрен» жобасы бойынша сынып сағаты өткізілді. мамандықтардың қыр-сыры туралы түсінік берілді. 19.02 «Менің әкем ең жақсы адам» тақырыбында бастауыш сыныптар арасында әкелермен волейболдан жарыс өткізілді.



26.02. «Үйрен жақсы әдептен...» Қазақтың ұлттық тағамдары «Ата-аналар мектебі» жобасы

Наурыз айында 04.03 «Ізгіліктің бір ізі- алғыс айту» күніне ұстаздарға ашықхаттар таратылып, ата-аналарға бейнежолдаулар жіберілді. Мақсаты: оқушыларға ата-анамен

ұстаздардың еңбегін бағалай білуге тәрбиелеу.06.03«Бәрі де, Ана, бір өзіннен басталды» «Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде мерекелік құттықтау шарасы өткізілді.



11.03«Қазағымның қазынасы- домбыра»«Ұлттық мектеп лигасы»жобасы бойынша ұлттық аспабымыздың қасиетін ұғындыру.



18.03«Наурыз тойы- мерекем, Салт-дәстүрім- берекем» «Ата-аналар мектебі» жобасы негізінде ата-аналардың қолдауымен ұлттық мерекеміз тойланып,барлық сыныптарда ұлттық тағамдарымыз жасалып, ұлттық ойындарда сайыстар өткізілді.



Тоқсан соңында «Ата-аналарды педагогикалық қолдау мектебінің» жоспары бойынша «Сенім арту-жетістік кепілі.Қиын жағдайда баланы қалай қолдау керек?»тақырыбында ата-аналар жиналысы өткізіліп,түрлі жағдаяттық сұрақтар талқыланды.Тоқсандық қорытынды айтылып,көктемгі каникул кезіндегі қауіпсіздік шаралары таныстырылды.



Негізгі бағдарламалар жоспарын (өрт, жол, өмір қауіпсіздіктері) басшылыққа ала отырып, тақырыптармен байланыстырыла сабақтар өткізілді. Көктемгі су тасқыны кезіндегі қауіпсіздігіне байланысты бейнероликтер көрсетіліп, оқушыларға, ата-аналарға жаднамалар таратылды. Мақсаты: Оқушыларды су тасқыны, қора-қопсылардың бұзылуы, мұздың еруі сияқты оқиғалардан сақтану ережелерін есте сақтауға үйрету, өмір қауіпсіздігін, өз өмірлерін сақтай білуге тәрбиелеу.

4-тоқсанында тәрбие саласы бойынша бекітілген жоспар және келген қатынас қағаздар бойынша іс-шаралар, сынып сағаттары өткізілді.

4тоқсанның алғашқы сабағы 01.04 «Бата-ұлттық тәлім- тәрбие бастауы» «Жеткіншектің жеті жарғысы» жобасы тақырыбында өткізіліп, батаның қадір-қасиеті туралы мағлұмат берілді.

08.04 «Құстар біздің досымыз» тақырыбында сынып сағаты құстарға қамқор болу керек екендігі, оның біздерге пайдасы зор туралы түсінік берілді.



15.04 «Кітапханаға саяхат» «Тиімді жазғы демалыс» Оқушыларға ұсынылатын 100 кітап («Жеткіншектің жеті жарғысы») бойынша кітапханаға барып, кітап біздің рухани көмекшіміз туралы айтылды.



22.04 «Ақша: сіздің уақытыңыздың бір сағаты қанша тұрады?» «Жеткіншектің жеті

жарғысы» уақыттың қымбаттылығы туралы бейнероликтер көрсетіліп, талқылау жасалды. 30.04 «1 мамыр-Қазақстан халықтарының бірлігі күні» тақырыбында сынып сағаты өтіп, Қазақстанда тұратын халықтардың татулығы, бірлігі туралы айтылды.

06.05 «7 мамыр-Отан қорғаушылар күні» оқушыларға Отан қорғаушыларының еңбегі, ерліктері туралы әңгімеленіп, ербалармен спорттық сайыс өткізілді.



15.05 Халықаралық отбасы күні «Денсаулық FEST» «Отбасым-менің өз Отаным!» («Ұлттық мектеп лигасы») оқушылар өз отбасы, бауырлары, ата-анасы туралы әңгімеледі.



20.05 «Бөлме гүлдеріне күтім жасайық!» «Жер- Анаға мың тағзым» («Еңбегі адал жас өрен» жобасы) бөлме гүлдеріне тазалық жұмыстары жүргізілді.



Күнбе-күн оқушылардың сабаққа қатысымы тексеріліп отырды және денсаулығына байланысты ұзақ мерзімде сабаққа қатыса алмаған оқушылардың ата-анасы арқылы байланыс жасалып, тапсырмалар беріліп отырды. Сабаққа қатыса алмаған күндерінің дәлелі ретінде денсаулығына байланысты дәрігерлік анықтамалары бар.

Тоқсан соңында 24.05 «Білімім-Отаным!» тақырыбында бірыңғай сынып сағаты ата-аналармен бірлесе өткізіліп, оқушылардың білім деңгейлерінен көрсетіліп, одан әрі қарай «Баланың-бас ұстазы – ата-ана» жиналысымен жалғасып, түрлі жағдаяттық сұрақтар талқыланды. Тоқсандық қорытынды айтылып, көктемгі каникул кезіндегі қауіпсіздік шаралары таныстырылды. Соңында жыл қорытындысы бойынша үздіктер мен екпінділер марапатталды.

